

«Суындық» жалпы білім беретін мектеп
кітапханашысының 2023-2024 оқу
жылындағы атқарған жұмыстары

Келісемін

МДТДЖО *И. Бекжанова* И. Бекжанова



«Суындық» жалпы білім беретін мектеп кітапханашысының 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспары



2023 жыл

Кітапхана жұмысының негізгі мақсаты

Мектеп кітапханасы- мектептің бір бөлімі, сондықтан жылдық жоспардың басым бөлігі-оқу тәрбие жоспарына негізделеді. Кітапхана жұмысының қажеттілігі мен ерекшелігі, ол мектеп ұжымының барлық оқу жүйесіне қатысушыларына оқу бағдарламасының түрлерін, жаңа кітаптарды және басқа да ақпараттық материалдарды ұсынады. Қазіргі оқыту технологиялары арқылы әр түрлі кітапханалық іс шараларды өткізу негізінде оқушылардың кітап оқу қызметін қалыптастыра отырып, тілдерін дамыту арқылы білім сапасын арттыруға көмектесу. Кітап өз оқырманын жан-жақты тәрбиелеумен бірге танымдық білімдік қасиетін дамытары анық. Президент ұсынған «Оқуға құштар мектеп » жобасын ұйымдастыру арқылы оқырмандармен жұмыс жасау. Көркем әдебиеттермен кітап қорын толықтыру. Жаңа кітаптарға , мерзімді басылымдарға тұрақты ақпарат күндерін өткізу.

Кітапхана жұмысының міндеттері

1. Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республика үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім министрінің бұйрықтарын және осы жоспарды басшылыққа алады.
2. Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйыммен бірлесіп атқарады.
3. Оқырмандарға тез және сапалы қызмет көрсету.
4. Қарыз кітапқа немқұрайлы қарайтын оқырмандармен жұмыс жүргізу.
5. Оқулықтарды тексеру бойынша рейд жүргізу.
6. Кітап қорының жинақталуын, есепке алынуын, орналастырып сақталуын ұйымдастыру.
7. Кітапхананы қазіргі талапқа сай безендіріп, оқырмандармен белгіленген жоспар бойынша әдеби кеш, конференция дөңгелек үстел, ақын-жазушылардың шығармашылық кештерін өткізу.
8. Кітаппен өз бетінше жұмыс істеу жолдарын меңгерту, кітап арқылы ой-өрістерін, рухани жан дүниесін кеңейту, білімді парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

№	Жұмыс мазмұны	Орындау мерзімі
Оқу әдебиеті қорымен жұмыс жоспары		
1	2023-2024 оқу жылына арналған оқушылардың оқулықтармен және оқу құралдармен қамтылуына диагностика	Тамыз–қыркүйек
2	Оқулықтарды қабылдау және оқушыларға беру. Оқу бағдарламасына сәйкес толық көлемде оқулық беруді қамтамасыз ету.	Тамыз
3	Қор жылжуына қорытынды жүргізу.	Желтоқсан
4	Түскен оқулықтарды қабылдау және өңдеу: жүкқұжаттарын ресімдеу, оларды бухгалтерияға өткізу, жиынтық есепке алу кітабына (бұдан әрі – ЖЕК) жазу, мөртаңба қою. Түсу деңгейіне	Жыл бойы

	карай, Картотеканы ресімдеу .	
5	Оқу бағдарламаларының ескіруі мен ауысуын ескере отырып, оқулық қорын есептен шығару.	Жылына 1 рет
6	Сыныптар бойынша оқулықтар, ведомостер беру журналын жүргізу .	Мамыр, қыркүйек
7	Оқулықтарды тексеру. Рейд жүргізу	Токсан сайын
Көркем әдебиет қорымен жұмыс		
1	Кітапхана қорын есепке алу. 5 жылда 1 рет түгендеу Түгендеуді қорытындылау. Бухгалтерияның материалдық бөлімінде кітапхана қорын тексеру туралы актіні ресімдеу.	Жыл бойы
2	Кітапхана оқырмандарының ақпаратқа еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету.	Үнемі жыл бойы
3	Қорды сақтау бойынша жұмыс: оқырманның келтірілген залалды бекітілген тәртіпте өтеуі бойынша шараларды қамтамасыз ету; борышкерлердің тізімін жасау; кітапхана қорын жүйелі сақтау мен физикалық сақталуы бойынша тиісті режимді қамтамасыз ету	Үнемі жыл бойы
4	Ескі көркем әдебиет пен рухани тұрғыдан ескірген әдебиетті есептен шығару.	Жылына бір рет
Оқырмандармен жеке жұмыс		
1	Оқырмандар формулярымен танысу және талдау.	Жыл бойы
2	Кітапханаға түскен жаңа кітаптар, энциклопедиялар, ертегі кітаптар туралы ұсынымдық және жарнамалық әңгімелесулер.Түсу деңгейіне қарай	Жыл бойы
3	«Сенің сүйікті шығармаң » тақырыбы бойынша оқушыларға сауалнама жүргізу.	Қаңтар–ақпан
4	Абонемент пен оқырмандар залында оқырмандарға қызмет көрсету: оқушылар, педагогтар, техникалық персонал, ата аналар .	Үнемі
Өтінімдер бойынша Оқушылармен жұмыс		
1	Кітапхананың жұмыс кестесіне сәйкес оқушыларға қызмет көрсету.	Үнемі
2	Әр оқырманның жас ерекшеліктеріне сәйкес көркем әдебиет ұсыну .	Үнемі
3	Борышкерлерді анықтау мақсатында оқырмандар формулярын қарау, (нәтижелерін сынып жетекшілеріне хабарлау). Кітапқа немесе оқулыққа келтірілген залал үшін жауаптылық туралы айту.	Үнемі

Мектеп кітапханасында атқарылатын іс-шаралар

№	Атқарылатын іс шаралар	Мақсаты	Орындалу мерзімі	Сынып	Өткізілу түрі	Жауапты
1	«Кітап-білім бұлағы»	Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету	Тамыз Қыркүйек	1-11 сыныптар	Оқулық тарату	Кітапханашы
2	«Менің сүйікті кітабым	Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани-тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулу.	Жыл бойы	1-4 5-11 сыныптар	Оқырмандар арасында кітап оқу сайысы	Кітапханашы
3	«Кітапханаға саяхат»	Білімнің кілті кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру; Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру; Кітапты сүйеге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу.	Қыркүйек	1- сыныптар	Саяхат	Кітапханашы
4	22-қыркүйек Тілдер күніне орай «Тілім менің тірегім» Ахмет Байтұрсынның шығармаларына шолу	Оқушыларға ана тілін <u>білудің маңызы</u> жайлы айту, ана тілін үйрету; Ақын өмірі мен шығармаларын таныстыру	Қыркүйек	6-7 сыныптар	Көрме	Кітапханашы
5	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай	Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылы туралы мағлұмат беру	Қыркүйек	5-7 сыныптар	Кітап көрме	Кітапханашы Сынып жетекші
6	Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр (Балалар кітапханасы жобасы)	Ақын жазушылардың тарихы мен терең танысу	Қыркүйек	Көрме		Кітапханашы Сынып жетекші

7	«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында Ы.Алтынсарин, Б.Сокпақбаев кітаптарын оқып әңгімелеп беру	Өз ойларын толық жеткізе білу	Қазан	2-4 сыныптар	Сынып сағаты	Кітапханашы Сынып жетекші
8	Жазушы Кемел Тоқаев туганына 100 жыл толуына орай библиографиялық шолу	Ақынның шығармаларын, оның қызметі мен шығармашылығы жайындағы әдебиеттерді тауып оқуға, қазақ әдебиетінің озық туындыларын насихаттау.	Қазан	5-11 сыныптар	Көрме	Кітапханашы
9	«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларына Ертегілер еліне саяхат	оқушыларды ертегі оқуға баулу арқылы олардың ой өрісінің кеңуіне ықпал ету, қиялдау мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту.	Қазан	5-9 сыныптар	Кітап оқу	Кітапханашы
10	«Бір отбасы- бір кітап» (Балар кітапханасы жобасы)	Отбасылық оқуға шақыру	Қазан	5-6 сыныптар	Кітап көрмесе	Кітапханашы Сынып жетекші
11	«Рәміздерім-мақтаным» кітап көрмесі	оқырмандарды тәуелсіз елінің рәміздерін жетік білуге, әрі құрметтеуге және толықтай мәліметпен қанағаттандыру.	Қазан	1-4 сыныптар	Көрме	Кітапханашы
12	«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында « Мен және менің отбасым» қандай кітап оқиды?	Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру. Оқушыларды жас кезінен отбасымен кітап оқуға дағдыландыру. Кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру.	Қараша	1-4 сыныптар	Отбасылық оқу дәстүрі	Кітапханашы Сынып жетекші
13	Қазақстан Республикасының халықаралық валютасы Теңгенің (1993) алғашқы	Ұлттық валютаның тарихы, жетістіктері мен ерекшеліктерін түсіндіру	Қараша	5-7 сыныптар	Көрме	Кітапханашы

	қолданысқа енгізілген 30 жыл					
14	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Жазушы-драматург Калижан Бекқожиннің (1943) туғанына 80 жыл	Жазушының өмірі мен шығармаларын таныстыру	Қараша	5-10 сыныптар	Көрме, шығармаларына шолу	Кітапханашы Сынып жетекші
15	Оқулық тексеру рейді	Оқулықтарын тексеру, таза ұстауға шақыру	Токсан сайын	1-11 сыныптар	Рейд жүргізу	Кітапханашы
16	16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік жетістіктері» атты кітап көрмесі	Ұлы Дала тарихынан бастап, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау	Желтоқсан	5-7 сыныптар	Көрме	Кітапханашы
17	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Хамза Есенжановтың (1908-1974) туғанына 115 жыл	Хамза Есенжановтың өмірі мен шығармаларын таныстыру	Желтоқсан	5-11 сыныптар	Виртуальды саяхат	Кітапханашы Сынып жетекші
18	«Желтоқсан жаңғырығы» Желтоқсан оқиғасына орай кітап көрмесі	Желтоқсан оқиғасымен таныстыру	Желтоқсан	10-11 сыныптар	Кітап көрмесі, слайд	Кітапханашы
19	Үнемі оқитын адам табысты адам (Балар кітапханасы жобасы)	Кітап оқудың пайдасы	Қаңтар	9- сынып		Кітапханашы
20	«Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл»	Балаларды зиянды әдеттерден сақтандыру, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағыттау.	Желтоқсан	5-7 сыныптар	Интеллектуалды сайыс	Кітапханашы
21	«Қалың қалай оқулық?»	Оқулықтарды таза ұстауға шақыру	Қаңтар	1-11 сыныптар	Рейд жүргізу	Кітапханашы
22	«Оқуға құштар мектеп»	Жыр алыбы Жамбылдың ақындық	Қаңтар	8-9	Көрме, ашық	Кітапханашы

	жобасы аясында «Жыр алыбы Жамбыл» танымдық сабақ	талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүйю, оны бағалай білуге ұғындыру. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, сөз өнерін қадірлеп, қастерлей білуге дағдыландыру, акын өлеңдерін, поэзиясын сүйе білуге үйрету		сыныптар	сабақ	Сынып жетекші
23	«Мақтан тұтар ұлы тұлға- Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев»	Өмір жолы, еңбегі және шығармаларымен таныстыру	Қаңтар	6-8 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы
24	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір сынып-бір кітап» «Бауырсақ» ертегісіне көрініс	Балаларға ертегілер туралы түсінік беру. Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуді үйрету.	Қаңтар	2-4 сыныптар	Қойылым	Кітапханашы Сынып жетекші
25	«Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады»	Оқушының ой-өрісін дамыту, іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу.	Ақпан	9-11 сыныптар	Дебат	Кітапханашы, Тәлімгер
26	«Жырлайды жүрек» М.Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу	XX ғасырдың ұлы акыны Мұқағали Мақатаевтың бай шығармашылық дүниесімен таныстыру. Ойшыл, зиялы, ірі тұлға екенін оқушыларға жеткізу.	Ақпан	1-11 сыныптар	Оқу сағаты	Кітапханашы
27	«Отты жылдар жаңғырығы» Ауған ардагерлеріне арналады.	Жеңістің маңызын түсіндіру арқылы Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне, патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, өз елінің тарихына қызығушылығын арттыру.	Ақпан	5-6 сыныптар	Тариха шолу, кітап көрмесі	Кітапханашы, тарих пәнінің мұғалімдері
28	Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы (Балар кітапханасы жобасы)	Мақал – мәтелдің мағынасын ашу, тәрбиелік мәнін түсіну	Ақпан	7-8 сыныптар	Сайыс	Кітапханашы

29	«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында Мұхтар Мағауин	Білімділік тапқымын, шығармашылық қабілетін, тілдік қорын, ізденістерін арттыру	Ақпан	5-11 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы Сынып жетекші
30	1- Наурыз «Алғыс айту» күні «Алғыс білдіру ең асыл сөз»	балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.	Наурыз	2-4 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы, сынып жетекшілер
31	«Сиынар ем, ана деген тәңірге» 8-наурыз аналар мерекесі	Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы ардагер, ұстаз-аналар мен аруларды мерекемен құттықтау, оқушыларды мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу, ұстазға ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.	Наурыз	2-4 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы
32	«Қош келдің, өз наурыз!»	Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы Қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.	Наурыз	2-11 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы
33	«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында «Абайдың кара сөзі- тәрбие көзі»	Абай кара сөздерінің тәрбиелік мәнін түсіну, адамгершілік тәрбие берудегі ақынның философиялық шолуларының маңызын түсінуге үйрету, жиырма тоғызыншы кара сөзінің мазмұнын меңгерту.	Наурыз	5-9 сыныптар	Тәрбие сағаты	Кітапханашы Сынып жетекші
34	«Қалың қалай оқулық?»	Жыл соңында оқулықтарды тексеру	Сәуір	1-11 сыныптар	Рейд жүргізу	Кітапханашы, тәлімгер
35	2-сәуір Халықаралық балалар кітабы күні ата-аналармен бірге дөңгелек үстел	Кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен	Сәуір	5-9 сыныптар	Кітап көрмесі, дөңгелек үстел	Кітапханашы

		<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРҚАУЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ</p> <p>Ақпараттық технологиялар және коммуникациялар институты</p> <p>Оқудың қажеттілігін нақтылау</p>				
36	«Ғарышқа түрен салған қыран қазақ» Төктер Әубәкіров туралы мәліметтер	Ғарыш әлеміне деген қызығушылығын қалыптастырып, ғарышкерлерге деген құрмет сезімін арттыру	Сәуір	7-8 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы
37	«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында Қ. Сәтбаев туғанына 125 жыл	Қ.Сәтбаевтың өмірбаянымен таныстыру, білімі, ғылыми еңбектері, қоғамдық жұмысы туралы мәлімет беру. Адамгершілік қасиеттерге ие жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.	Сәуір	5-6 сыныптар	Ашық сабақ	Кітапханашы Сынып жетекші
38	1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай «Қазақстан достық мекені»	Оқырмандарға көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту.	Мамыр	8-9 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы
39	7-Отан қорғаушылар күніне орай «Ер жігіт ел қорғаны»	Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары, Ұлы Жеңістің мән-маңызы туралы мағлұмат беру. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, қазіргі таңда арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерліктерін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу; отансүйгіштікке, елжандылыққа, батылдыққа, шыншылдыққа баулу.	Мамыр	3-4 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы
40	9-Жеңіс күніне орай «Бейбіт күн жасасын әлемде»	Балаларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу.Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру,оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат	Мамыр	6-8 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы

41	«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында I.Жансүгіровтың туғанына 130 жыл	етіп тәрбиелеу. Ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, ақынның поэзия құдіреті мен әндерін таныту. Ақын өлеңдері арқылы оқушылардың Отанға, халқына, тілге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, отаншылдыққа тәрбиелеу.	Мамыр	2-4 5-7 сыныптар	Кітап көрмесі	Кітапханашы Сынып жетекші
42	«Кітап –білімнің қайнар көзі»	Оқулықтармен жұмыс	Мамыр	1-11 сыныптар	Оқулықтарды жинау	Кітапханашы

Кітапханашы: А.Ахметова